

## Хаттама № 7

Күні: 30.11.19 жыл

Қатысқандар: 6

Қатыспағандар: 3

Күн тәртібінде:

- 1) 2019 жылғы келіп түскен қаражаттың жұмсалуы. Мектеп директоры Жумагулова Г.А
- 2) Құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары. Мектеп психологи: Сұлтан Г
- 3) Ағымдағы мәселелер. Алимбетова Жеміс камқоршылық кеңес төрағасы.

Барысы:

- 1) Мектеп директоры: Жумагулова Гүлнур Амангелдиевна

Саламатсыздарма! 2019 жылы 2 рет сырттан қаражат түсті. Мектеп түлектерінің демеушілігімен 100 мың теңге көлеміндегі қаражатқа бастауыш сынып ғимаратына су күбірын жүргізіп мектептің базасын ныгайтуға үлес косты. Қыркүйек айында 50 мың теңге көлемінде ата-аналар жиналып қаржылай көмек көрсетіп шағын теледидар алып берді. Сонымен қатар «мектепке жол» акциясы аясында 12500 тг көлемінде ұстаздардың демеушілігімен 1 окушыға мектеп формасын, 5 окушыға оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Қараша айында 8 сыныптың 2 окушысына мектеп формасының өзгеруіне байланысты 14000тенге көлемінде ұстаздар форма тіктіртіп берді.

Ұйым мүшесі : Шаргезова Г

Қамқоршылық кеңес мүшелері ретінде мектептің дамуына, балаларымыздың білім алуына жағдай жасау мақсатында ауыл адамдарын тартып үгіт насиҳат жүргізсек. Әр үйден шамалы болсада қаражат жинап мектептің тақтасын жаңартсақ деген ұсынысым бар.

- 2) Мектеп психологы: Сұлтан Г.Т

«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары» «Ел боламын десен бесігінді түзе» деп ата-бабамыз айтқандай бала тәрбиесіне көбірек көңіл бөлуміз керек. Мектепте жүргізген сауалнамаға сәйкес мектебімізде қын окушы жоқ. «Қын» баланың шығуына негізгі үш фактор себепші болады:

1. Жанұя тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни тұрмыстық ұрыс-талас, маскүнемдік, отбасының толық болмауы, т.б.

2. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жіберген қателіктер, окушының ынта ықыласын, міnez құлыш ерекшеліктерін, талап-тілектерін ескермеу;

3. Жүртшылықтың тәрбие мәселесіне жеткілікті назар аудармау, теледидар, зиянды орта, күн көріс қамы үшін қызмет бабымен бала тәрбиесіне назар аудармау.

Осы мәселелер туындаған жағдайда сынып жетекшілерімен, ата-анасымен ақылдаса отырып сауалнама алып балаларды қын балалар қатарына аламыз.

- 3) Ағамдағы мәселелер: Қамқоршылық кеңес төрағасы: Алимбетова Ж

Қамқоршылық кеңес жұмысында жіберіліп жатқан қателіктер. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңес төрағасының қолы койылған хабарлама отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей мүшелерінә және Қамқоршылық кеңес қызмет ететін білім беру ұйымына жолданады. Қамқоршылық кеңеске қатысатындығын немесе қатыспайтындығы жөнінде бір жұмыс күнінің ішінде Қамқоршылық кеңес хатшысына хабарлауының сұралады. Сонымен қатар қамқоршылық кеңес мүшелері қатыспаған жағдайда жазбаша түрде себебін жазып тапсырасыздар.

Шешім: 1) Мектепте өтетін іс-шараларға атсалыссын.

2) Кеңес жұмысында жіберілген қателіктер жойылсын.

Төрайым:  Алимбетова Ж  
Мүшелер:

  
  
  
